

Мүліктік табыс

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлікті өткізу кезінде егер осы орайда құн өсімінен табысы бар болса салық органына декларация ұсынып және жеке табыс салығын төлеу керектігін көбі біле бермейді.

Мемлекеттік кірістер органдарының жұмысында актуалды мәселелердің бірі мүлдіктік табыс алған жеке тұлғаларды бақылау болып табылады. Облыстағы мемлекеттік кірістер органдарымен 2013 жыл үшін мүлдіктік табыс алу кезінде салық міндеттемелерін орындамаған 246 жеке тұлға анықталған.

Ұқсас жағдайларды болдырмау және жеке тұлғалармен салық міндеттемелерін уақытылы орындау мақсатында СҚО бойынша мемлекеттік кірістер департаменті аталған мәселе бойынша түсінік береді.

Мүлдіктік табыс қай жағдайда туындайды ?

Жеке тұлғалардың мүлдіктік табысы бір жылдан кем меншік құқығында орналасқан мүлдігін өткізу кезінде құн өсімінен түскен табысы болып табылады. Бұл пәтер, саяжай құрылыстары, гараждар, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін, жер учаскелерін және жеке тұрғын құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, саяжай құрылысы, гараж үшін ұсынылған жер үлестері, техникалық көлік құралдары және тіркемелерге қатысты.

Осы ретте меншік құқығының туындау күні уәкілетті органда с.і. әділет органдарында тіркеу күні болып табылатынын есте сақтау керек.

Мүлдіктік табыс сондай-ақ меншік құқығында орналасқан кезеңнен тәуелсіз жоғарыда тізбектелгеннен басқа жылжымайтын мүлдікті өткізу кезінде туындайды. Бұл дүкен, дүңгіршек, бутик, павильон, құрылыстар және т.б. секілді жылыжмайтын мүлдік объектілеріне жатады.

Бұдан басқа, тұрғын емес үй жайларға ұсынылған жер учаскелерін және жер үлестерін, саяжай құрылыстарын, гараж, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін; бағалы қағаздар, сондай-ақ заңды тұлғада қатысу үлестерін өткізу кезінде меншік құқығында орналасқан мерзіміне тәуелсіз мүлдіктік табыс болып табылады.

Атап айтқанда, жеке тұлғалардың мүлдіктік табысына мүлдікті жалға беруден алған табысы да жатады. Бұл норма жеке тұлғамен жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға болып табылмайтын жеке тұлғаға өзінің мүлдігін жалға берген кезде қолданылады. Бұл ретте жеке тұлға-жалға берушілер жеке табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті барлық азаматтарды мүлдіктік табыс алған кезде дербес декларация ұсынып және уақытылы жеке табыс салығын төлеуге шақырады. Жеке тұлғалар 240.00 нысаны бойынша жеке табыс салығы жөнінде декларацияны ұсынады, ол салық органына орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурыздан кешіктірмей ұсынылады. Мүлдіктік табыстан жеке табыс салығы, салық салу объектісіне (құн өсіміне немесе жалға беруден табыс) 10 пайыз мөлшерінде ставканы қолдану жолымен есептеледі және 10 сәуірге дейін төленеді.

Салық органына салық есептілігін ұсынбағаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 272-бабы 1 және 1 әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын салық төлеушілердің назарына саламыз.